

Бөлім:	Астана-мәдениет пен өнер ордасы
Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда):	Есмагамбетова Айдана Жумабаевна
Күні:	27.11.2025
Сынып: 6	Қатысушылар саны: 12 Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Астана – елімнің мақтанышы Пәні: Қазақ тілі мен Қазақ әдебиеті
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары:	6.5.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау; 6.2.1.2 Жазу дағдылары: тақырыпқа сай 4–6 сөйлемнен тұратын сипаттамалық мәтін құрастыру, лексика мен грамматиканы қолдану.
Сабақтың мақсаты:	Оқушылар Астана туралы қысқа мәтінді оқып, негізгі ойды анықтайды және жаңа лексиканы қолдана отырып 4–5 сөйлемнен тұратын сипаттама жазады. Сонымен қатар, олар өз туындысын 1 минуттық ауызша түрде таныстырып, Астанаға деген патриоттық сезім мен құрметті көрсетеді.
Құндылықтар:	Оқушыларға Астана қаласының дамуы мен маңызын таныта отырып, елордаға деген құрмет сезімін, қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік құндылықтарын қалыптастыру; туған елдің жетістіктерін бағалауға, Отанын сүйуге және ел болашағына үлес қосуға тәрбиелеу.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі	Педагогтің әрекеттері	Оқушылардың әрекеттері	Бағалау	Ресурстар
Басы (5–7 мин)	1) Кіріспе: Астана туралы сұрақтары бар ЖИ көру «Астана» деген сөзден кімде қандай ой пайда болатынын сұрайды. - 4 жедел сұрақ қояды: «Астанадағы қандай қала?», «Астанада не орналасқан?», «Астана қай жерде орналасқан?», «Астананың символы?» - Сабақ мақсатымен қысқаша таныстырады: бүгін біз Астана туралы оқып, сипаттап,	1) Кіріспе: Астана туралы ойлар - Бейнероликті көреді және тыңдайды. - Қысқаша ауызша жауап береді (1-2 сөйлем). - Өз ойларын жұппен 30 секунд ішінде бөліседі.	1) Кіріспе: Астана туралы ойлар — Дескриптор: Оқушылар фотосурет арқылы тақырыпқа кірісе алады және 1–2 қысқа ой білдіреді. - Көрсетілген фотоға қатысты 1 сөйлем айтылды ма? (иә/жоқ)	1) Кіріспе: Астана қаласының фотосуреті (Бәйтерек), карта

	шығармашылық таныстыру жасаймыз. Астана туралы шағын мәтін құрастырамыз.		- Жүппен бөлісу белсенділігі (байқау) - Мұғалімнің сұрақтарына 1-2 оқушының жауап беруі	
Ортасы (25–30 мин)	Жаңа сөздермен жұмыс (10 мин)	Жаңа сөздерді көрсету, тізбектеп оқу. сәйкестендіру тәсілімен бекіту (жасанды интеллект)	Дескриптормен бағалау	Жаңа сөздер тізімі, карточкалар, тенге
	Мәтінмен жұмыс. Жасанды интеллект арқылы мәтінді тыңдату. 1 топқа – Фишбоун әдісі 2 топқа – Сурет мәтінді салыстыру	Мәтінді тыңдап, негізгі ой мен қосымша ақпаратты анықтау; топ ішінде өзара бағалау	Бағалау парақтары	Мәтін, суреттер, фишбоун диаграммасы
	Сергіту сәті. Қысқа физикалық жаттығулар	Қатысу	Мадақтау	Қатысу арқылы бақылау
	Жазылым. Сурет арқылы мәтін құрастыру, жәй сөйлемдердің астын сызу	4–5 сөйлемнен тұратын мәтін жазу	Бір-бірін дескриптормен бағалайды	Жұмыс парақтары, суреттер
Бекіту (8–10 мин)	Тест тапсырмасы, видео кері байланыс Shyrak-ai платформасы арқылы жасалған тест тапсырмасын жүргізу. Оқушылар QR код арқылы тіркеліп. Тапсырмаларды орындайды.	Өзін-өзі бағалау, топтық кері байланыс	Тест бағалау	Өзін-өзі бағалау, топтық кері байланыс Тест парақтары, смартфон / камера / проектор
Рефлексия (3–5 мин)	1) Сабақты рефлексиялау - Оқушылар Астана дегенде ойларына келетін үш сөзді айтып, Qr - код арқылы жазады. Жазылған сөздер бұлттар болып интерактивті тақтаға шығады.	1) Сабақты рефлексиялау - Қысқа рефлексия жазады немесе ауызша айтады. - Сабақтың пайдалы тұстарын	1) Сабақты рефлексиялау — Дескриптор: Рефлексияның анықтылығы - Қатысу белсенділігі (барлық оқушылардың	1) Сабақты рефлексиялау: 3 сөз жазу

	- Екі-үш оқушының рефлексиясын тыңдап, сабақтың негізгі жетістіктерін қысқаша қорытындылайды.	атап өтеді.	кемінде 90% жауап беруі).	
Үй тапсырмасы	1) Үй тапсырмасы: Астанаға арналған шағын эссе - Үйге 6–8 сөйлемнен тұратын эссе жазуды береді: «Менің Астанам» тақырыбында, кемінде 7 жаңа сөзді қосу қажет (берілген сөздіктен минимум 5 сөз). - Бағалау критерийлерін қайта еске салады: мазмұн, лексика, орфография, көркемдік элемент. - Келесі сабаққа дейін эссені электронды түрде немесе дәптерде тапсыруды сұрайды.	1) Үй тапсырмасы: Астанаға арналған шағын эссе - Үйде 6–8 сөйлем жазып, кемінде 7 тандалған сөзді пайдаланады. - Орфография мен сөйлем құрылысына көңіл бөліп, қажет болса ата-анадан немесе электронды ресурстан тексерту жасайды. - Эссені уақытында тапсыруға дайындалады.	1) Үй тапсырмасы: Астанаға арналған шағын эссе — Дескриптор: Үй тапсырмасында оқушы 6–8 сөйлем құрап, кемінде 7 мақсатты сөзді қолданады және бір көркем құрал енгізеді; жазба келесі сабақта бағаланады. - Эссенің ұзындығы: 6–8 сөйлем (иә/жоқ). - Сөздік талап: кемінде 7 сөз қолданылған ба? - Орфография мен тыныс белгілерінің дұрыстығы (жеңілдік бойынша тексеру).	1) Үй тапсырмасы: Астанаға арналған шағын эссе: Берілген сөздік (үйге көшіру), дәптер